

Тақырыбы:

Жеке сот

орындаушысының

қызметін

ұйымдастыру



**Жеке сот орындаушысының
лицензиясы** атқарушылық құжаттарды
мәжбүрлеп орындату шараларын
қолдану жөніндегі қызметпен айналысу
құқығына берілген рұқсат болып
табылады.

Оны уәкілетті орган тағылымдама мен
аттестаттаудан өткеннен кейін **береді.**



Жеке сот орындаушысы
лицензиясын беру үшін **алым**
алынады, оның мөлшері мен төлеу
тәртібі «Салық және бюджетке
төленетін басқа да міндетті
төлемдер туралы» Қазақстан
Республикасының 471-бабына
сәйкес айқындалады. **(6 айлық**
есептік көрсеткіш)

Жеке сот орындаушысы
лицензиясы **мерзімі**
шектелмей берілетін бас
лицензия болып табылады және
Қазақстан Республикасының
бүкіл аумағында қолданылады.

**Мыналар тағылымдамадан және
аттестаттаудан өтпей жеке сот
орындаушысы лицензиясын алуға
құқылы:**

- судья болып жұмыс істеген адамдар;
- судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырған адамдар;
- мамандандырылған магистратурада оқуды аяқтаған және біліктілік емтиханын тапсырған адамдар;

Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтата тұру уәкілетті органның шешімімен жүзеге асырылады.

Тоқтата тұруға ұсыныс негізеді:

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық органдары;
- жеке сот орындаушыларының Республикалық палатасы және өңірлік палаталары тәртіптік комиссиясының ұсынысымен.

Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысы мынадай жағдайларда алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін:

- 1) жеке сот орындаушысына қатысты қылмыстық іс бойынша күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылғанда;
- 2) жеке сот орындаушысы атқарушылық іс-әрекеттер жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғанда;
- 3) атқарушылық құжатты қабылдаудан негізсіз бас тартқанда;

- 4) жеке сот орындаушысы өзінің атқарушылық округінің аумағынан тыс жерлерде атқарушылық іс-әрекеттер жасағанда;
- 5) белгіленген мерзімде оқудан (біліктілігін арттырудан) өтпегенде не одан өтуден бас тартқанда (АІЖжСОМ 148-б, 1-т, 9-1 тармақшасы);
- 6) жеке сот орындаушысы АІЖжСОМ заңның 148-бабы 1-тармағының 4), 5-1) және 5-2) тармақшаларының және 2-тармағының талаптарын бірнеше рет бұзғанда;
- 7) атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса;

8)Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты немесе мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін, мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда.

Уәкілетті органның жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтата тұру туралы шешімінде жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын **тоқтата тұрудың себептері мен мерзімдері көрсетілуге тиіс.**

Тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар **жойылған кезде**, уәкілетті орган жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын қалпына **келтіру туралы шешім шығарады.**

Жеке сот орындаушысы
лицензиясының қолданысы
тоқтатыла тұрған жағдайда, оның
орындауындағы атқарушылық іс
жүргізу басқа жеке сот
орындаушысына беру үшін өндіріп
алушының келісімімен жеке сот
орындаушыларының өңірлік
палатасына жіберіледі.

Жеке сот орындаушысы

лицензиясының қолданысын тоқтату

уәкілетті органның қуынымы (иск)

бойынша мынадай жағдайларда **сот**

тәртібімен жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасы бірнеше рет бұзылған;
- 2) жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылмаған;

- 3) жеке сот орындаушысының лицензиясын беру үшін негіз болып табылған құжаттарда қасақана бұрмаланған ақпарат беру фактісі анықталған;
- 4) жұмыс істеп жүрген жеке сот орындаушысы атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметін дәлелсіз себептермен **үш күннен астам жүзеге асырмаған;**
- 5) денсаулық жағдайы бойынша кәсіби міндеттерін орындау мүмкін болмаған;

- 6) ғылыми, оқытушылық немесе шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін қызметтің өзге де түрлерімен айналысқан;
- 7) Республикалық палатадан шығарылған жағдайда,

Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысы **уәкілетті органның шешімі бойынша тоқтатылады:**

- 1) жеке сот орындаушысы өз еркімен өтініш берген;
- 2) жеке сот орындаушысының азаматтығы өзгерген немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 3) жеке сот орындаушысы қылмыс жасағаны үшін сотталған жағдайда - үкім заңды күшіне енгеннен кейін;

4) сот жеке сот орындаушысын қайтыс болды деп жариялаған немесе хабарсыз кетті деп таныған;

5) жеке сот орындаушысы қайтыс болған;

6) жеке сот орындаушысына қатысты ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулы шығарылған;

- 7) жеке сот орындаушысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

- 8) жеке сот орындаушысының лицензиясы тоқтатыла тұрған кезеңде қызметті жүзеге асыру фактісі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы ұсынысты уәкілетті органға:

- прокуратура;
- жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік палатасы;
- аумақтық орган енгізеді.

Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы уәкілетті органның тапсырмасы бойынша келесі дей шаралар қабылдауға міндетті:

- жеке сот орындаушысының іс жүргізуін, мұрағатын, ағымдағы шотының қаражатын басқа жеке сот орындаушысына тапсыруға;
- жеке сот орындаушысының лицензиясын уәкілетті органға тапсыру үшін алып қоюға;
- және жеке сот орындаушысының жеке мөрін жоюға.

**Жеке сот
орындаушысының
қызметтік үй-
жайының
орналасқан жеріне
және
жабдықталуына
қойылатын**

Қызметтік үй-жайдың орналасқан жері және жабдықталуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 [қаулысымен](#) бекітілген **Өрт қауіпсіздігі** қағидаларының сақталуымен жүзеге асырылады.

Қызметтік үй-жай жеке тұрған ғимараттарда немесе ғимаратқа жапсарлас салынған бейімделген үй-жайларда орналасады.

Бөлек кіру есігі болған жағдайда,
қызметтік үй-жайлардың тұрғын үй
ғимараттарында орналасуына
рұқсат етіледі.

Қызметтік үй-жайға кірген кезде
мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін
пандустардың болуы қажет.

Жеке сот орындаушысының жұмыс уақыты мен қабылдау сағаты көрсетілген сыртқы маңдайша жазу қызметтік үй-жайға кіретін есікке орналастырылады.

Жеке сот орындаушысының қызметтік үй-жайы жеке сот орындаушысының кабинетінен, азаматтарды күту, атқарушылық іс жүргізулерді сақтайтын үй-жайлардан тұрады.

Үміткерге аттестаттау өткізілгенге дейін күнтізбелік **он күннен кешіктірмей** оның өтетін орны, күні, уақыты, тәртібі туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Аттестаттауды өткізу қажеттілігіне қарай, бірақ **тоқсанына кемінде бір рет** жүзеге асырылады.

Атқарушылық іс жүргізулерді сақтауға арналған **жеке үй-жай болмағанда**, атқарушылық іс жүргізулерді жеке сот орындаушысының кабинетінде жабылатын **темір шкафтарда сақтауға** жол беріледі.

Жеке сот орындаушысының **лицензиясы** азаматтарға қол жетімді жерде орналастырылады.

Басқа жеке сот орындаушыларымен бір атқарушылық округте ортақ қызметтік үй-жайда қызметін жүзеге асыратын жеке сот орындаушысы **өз өкілеттіктерін өз атынан атқарады.**

Қызметтік үй-жайдың алаңы қажетті кеңсе жиһазы мен жабдықтың еркін орналасуын қамтамасыз етеді **және бір жеке сот орындаушысына 12 м² құрайды.**

Жеке сот орындаушысының жұмыс орнына:

- кеңсе үстелі;
- компьютер не ноутбук;
- принтер, көшіру аппаратының және сканердің болуы қажет (принтер, көшіру аппараты және сканер осы техниканың функцияларын көздейтін бір жабдыққа жинақталуы мүмкін);
- құжаттарды, мөрлер мен мөртабандарды сақтауға арналған сейфтің болуы қажет.

Жеке сот орындаушысы, талаптары тараптардың келісімімен айқындалатын өзінің **азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты болмаса**, өз қызметін жүзеге асыруға **құқылы емес.**

Жеке сот орындаушысы, егер өндіріп алу сомасы өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру сомасының **мөлшерінен асатын болса**, атқарушылық әрекеттерді жасауға **құқылы емес.**

Егер жеке сот орындаушысы тиісті атқарушылық әрекеттер жасауды қаласа, бірақ азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жеке сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының **мөлшері өндіріп алатын сомадан аз болса**, ол жетіспейтін сомаға азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын **жасасуға міндетті.**

Тестілеу мен ауызша әңгімелесудің сұрақтар тізбесі **құпия ақпарат болып** табылады және еркін жариялауға жатпайды.

Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша отырысқа қатысқан **Комиссия мүшелерінің басым дауысымен** тиісті шешім қабылданады.

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!***